

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылым міністрлігінің "Тұрғын және тұрғын емес ғимараттарды басқару" кәсіптік стандартын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылым міністрлігінің м.а. 2024 жылғы 14 желтоқсандағы № 424 бүйрығы

"Кәсіптік біліктілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 5-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бүйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылым міністрлігінің "Тұрғын және тұрғын емес ғимараттарды басқару" кәсіптік стандарты бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылым міністрлігінің Қала құрылымы және тұрғын үй - коммуналдық саясаты департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бүйрыққа қол қойылған күннен бастап күнтізбелік бес күн ішінде оны қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет міністрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) осы бүйрықты Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылым міністрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бүйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылым вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бүйрық алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министрдің міндеттін атқарушы

P. Исакулов

Бүйрыққа косымша

Кәсіптік стандарт: "Тұрғын және тұрғын емес ғимараттарды басқару"

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Кәсіптік стандарттың қолдану аясы: Кәсіби стандарт бағалау, аттестаттау, сертификаттау және біліктілігін растау, кадрларды даярлау және қайта даярлау үшін негіз ретінде әзірленуде және пайдаланушыларға көппәтерлі тұрғын үйлер мен тұрғын емес ғимараттарды. ғимараттар мен қоғамдық үй-жайларды, кіріктірілген, бекітілген және салынған тұрғын үйлерді басқаруға арналған.

Осы кәсіптік стандартта мынадай терминдер, анықтамалар мен қысқартулар қолданылады:

1) салалық біліктілік шенбері (СБШ) – салада танылатын сараланған біліктілік деңгейлерінің негізdemелік құрылымы болып табылатын ұлтық біліктілік жүйесінің қурамдас бөлігі (кіші жүйесі).

2) кәсіптік стандарт – кәсіби қызметтің нақты саласында біліктілік пен құзыреттілік деңгейіне, еңбек мазмұнына, сапасына және жағдайына қойылатын талаптарды анықтайтын стандарт.

3) тұрғын кешен – бірнеше топтамаға (ғимараттарға) шоғырландырылған тұрғын ғимараттардың, жеке ғимараттардың және тұрғын-үйлерге қоса-жалғаса салынған және жалғаса салынған қоғамдық мақсаттағы үй-жайлардың жиынтығы;

4) тұрғын емес ғимарат – өндірістік, сауда, мәдени-ағарту, емдеу-санитарлық, коммуналдық-тұрмыстық, әкімшілік және т.б. (тұрақты тұрудан басқа) мақсаттар үшін пайдалануға арналған.

5) көппәтерлі тұрғын үй – ортақ үлестік меншік болып табылатын кондоминиум объектісінің ортақ мүлкінен және көппәтерлі тұрғын үйге іргелес жатқан жер учаскесіне не кондоминиум объектісі ортақ мүлкінің өзге де бөліктеріне дербес шығатын жерлері бар екі және одан көп пәтерлерден, тұрғын емес үй-жайлардан тұратын, біртұтас бөлінбейтін жер учаскесінде біртұтас іргетасы бар жеке тұрған ғимарат.

6) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкі – дара (бөлек) меншіктегі пәтерлерден, тұрғын емес үй-жайлардан, орынтурақ орындарынан, қоймалардан және ұялы байланыс операторларының меншігі болып табылатын телекоммуникациялық жабдықтан басқа, кондоминиум объектісінің бөліктері (қасбеттер, кіреберістер, вестибюльдер, холдар, дәліздер, баспалдақ марштары мен баспалдақ алаңдары, лифтілер, шатырлар, шатырастылар, техникалық қабаттар, жертөлелер, үйге ортақ инженерлік жүйелер мен жабдықтар, абоненттік пошта жәшіктері, көппәтерлі тұрғын үй тұрған жер учаскесі және (немесе) үй жанындағы жер учаскесі, абағтандыру элементтері және ортақ пайдаланылатын басқа да мүлік).

7) кондоминиум объектісін басқару – пәтерлер, тұрғын емес үй-жайлар меншік иелерінің қауіпсіз және жайлы тұруына (булуына) жағдайлар жасауға, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін тиісінше қүтіп-ұстауға, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін пайдалану мәселелерін шешуге және коммуналдық көрсетілетін қызметтерді ұсынуға бағытталған іс-шаралар кешені.

8) көппәтерлі тұрғын үйді басқарушы – басқаратын көппәтерлі тұрғын үйдегі пәтердің, тұрғын емес үй-жайдың, орынтурақ орнының, қойманың меншік иесі болып табылмайтын, уәкілетті орган бекіткен біліктілік талаптарына сай келетін Қазақстан Республикасының азаматы.

9) кондоминиум объектісінің ортақ мұлкін күтіп-ұстасу – кондоминиум объектісінің ортақ мұлкін техникалық пайдалану, санитариялық күтіп-ұстасу және ағымдағы жөндеу бойынша жұмыстар немесе көрсетілетін қызметтер кешені.

10) жаңартылған энергия көздері (ЖЭК) – табигатта, сондай-ақ өсімдіктер мен жануарлар әлемінің өмірлік циклінде және адамзат қоғамының тіршілік әрекетінде үнемі бар немесе мезгіл-мезгіл пайда болатын процестер негізінде түзілетін энергия көздері.

11) тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы ақпараттандыру объектілері (бұдан әрі – ТКШ ақпараттандыру объектілері) – тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы электрондық ақпараттық ресурстар және ақпараттық жүйелер.

12) тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы электрондық нысандағы ақпаратты орталықтандырылған түрде жинау және сақтаудың ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – Орталықтандырылған түрде жинаудың АЖ-сы) – бұл тұрғын үй қорын және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты талдау және тұрғын үй қатынастары мен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласында мемлекеттік реттеуді жүзеге асыру үшін ТКШ ақпараттандыру объектілерінен ақпаратты шоғырландыруды қамтамасыз ететін, мемлекеттік ақпараттық жүйе.

13) пәтер – көппәтерлі тұрғын үйдің бір бөлігі болып табылатын, тұрақты тұруға арналған және пайдаланылатын жеке тұрғынжай.

14) тұрғын емес үй-жай – кондоминиум объектісінің ортақ мұлкін қоспағанда, көппәтерлі тұрғын үйдегі құрылыш, санитариялық, экологиялық, өртке қарсы және басқа да міндепті нормалар мен қағидаларға сәйкес келетін, жоба сатысында көзделген, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмese, шекаралары қабыргалардың, еденнің және төбенің (қабатаралық жабындылардың) ішкі беттері болып табылатын, тұрақты тұрудан өзге мақсаттарда (кеңсе, дүкен, кафе, қонақүй, хостел және халықта қызмет көрсету саласының басқа да объектілері) пайдаланылатын және дара (бөлек) меншіктегі жеке ішкі кеңістік. Егер паркинг дара (бөлек) меншікте болса, ол тұрғын емес үй-жайға жатқызылады.

15) көппәтерлі тұрғын үй паркингі – құрылыш жобасына сәйкес көппәтерлі тұрғын үйдің арнайы айқындалған бөлігіндегі немесе көппәтерлі тұрғын үйге жапсарлас салынған, автокөлік құралдарын қоюға арналған, орынтурақ орындарынан тұратын тұрғын емес үй-жай.

16) орынтурақ орны – паркингте (болған кезде гаражда) автокөлік құралын қоюға арналған, тұрғын емес үй-жай болып табылмайтын және дара (бөлек) меншіктегі орын.

17) қойма – көппәтерлі тұрғын үйдің жобалау-сметалық құжаттамасында көзделген, тұрғын емес үй-жай болып табылмайтын, өрт қауіпсіздігінің нормалары мен өзге де

талаптарды сақтай отырып мүлікті сақтауға арналған, пәтерден тыс орналасқан, жиынтығында үйге ортақ инженерлік жүйелер, сондай-ақ жеке кіретін жері жоқ және дара (бөлек) меншіктегі орын

18) кондоминиум объектісі – дара (бөлек) меншіктегі пәтерлерден, тұрғын емес үй-жайлардан, орынтурақ орындарынан, қоймалардан және дара (бөлек) меншіктегі болмайтын және пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың, орынтурақ орындарының, қоймалардың меншік иелеріне көппәтерлі тұрғын үй тұрған біртұтас бөлінбейтін жер участесін және (немесе) үй жаңындағы жер участесін қоса алғанда, ортақ үlestік меншік құқығымен тиесілі ортақ мүліктен тұратын біртұтас мүліктік кешен.

2. Осы кәсіптік стандартта мынадай қысқартулар қолданылады

- 1) БТБА – Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің Бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы.
- 2) БА – басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы.
- 3) ЭКЖЖ – экономикалық қызмет тұрлерінің жалпы жіктеуіші.
- 4) БХСК – білім берудің халықаралық стандартты классификациясы.
- 5) ҚМЖ – құрылыш-монтаждау жұмыстары
- 6) КЖЖ – кабельді жылдыту жүйелері.
- 7) ЖОАЖ – Жинақтың орталықтандырылған ақпараттық жүйесі.

2-тaraу. Кәсіптік стандарттың паспорты

3. Кәсіптік стандарттың атауы: Тұрғын және тұрғын емес ғимараттарды басқару
4. Кәсіптік стандарттың коды: F43999016
5. ЭКЖЖ секциясын, бөлімін, тобын, сыныбын және кіші сыныбын көрсету:
F Құрылыш
41 Ғимараттар құрылышы
41.2 Тұрғын үй және тұрғын емес ғимараттардың құрылышы
41.20 Тұрғын үй және тұрғын емес ғимараттардың құрылышы
41.20.1 Тұрғын үй ғимараттарының құрылышы
L Жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар
68 Жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар
68.3 Сыйақы үшін немесе келісімшарт негізінде жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар
68.32 Сыйақы үшін немесе шарт негізінде жылжымайтын мүлікті басқару
68.32.1 Сыйақы үшін немесе келісімшарт негізінде жылжымайтын мүлікті басқару
6. Кәсіптік стандарттың қысқаша сипаттамасы: "Тұрғын және тұрғын емес ғимараттарды басқару" кәсіптік стандарты техникалық қызмет көрсету және техникалық қызмет көрсету бойынша жұмысты тиімді басқару мен ұйымдастыруға қатысатын мамандардың біліктілік деңгейіне және кәсіптік білім мазмұнына, жеке

ғимараттар мен қоғамдық үй-жайлардан тұратын тұрғын және тұрғын емес ғимараттарды пайдалану, кіріктілген салынған және тұрғын үйлерге бекітілген үйлерді басқаруға арналған қойылатын талаптарды анықтайды.

7. Кәсіп карточкаларының тізімі:

- 1) Хаус-шебері - 3 СБШ-нің деңгейі
- 2) Көппәтерлі тұрғын үйдің басқарушысы - 4 СБШ-нің деңгейі
- 3) Көппәтерлі тұрғын үйдің басқарушысы - 5 СБШ-нің деңгейі
- 4) Тұрғын және тұрғын емес ғимараттарды басқару менеджері - 5 СБШ-нің деңгейі
- 5) Ғимараттарды, көппәтерлі үйдің басқарушысы - 6 СБШ-нің деңгейі

3-тaraу. Кәсіптер карточкалары

9. "Хаус-шебері" кәсіп карточкасы:			
Топтың коды:	7129-0		
Қызмет атауының коды:	-		
Кәсіптің атауы:	Хаус-шебері		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	3		
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:			
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	БТБА (1-ші шығарылым), ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік корғау министрінің 2009 жылғы 30 қарашадағы №343-п бұйрығымен бекітілген 2-3 разрядты ғимараттарды күтіп-ұстаяу және жөндеу жұмысшысы.		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: ТЖКБ (жұмысшы кәсіптер)	Мамандық: Жылжымайтын мүлікті басқару	Біліктілік: -
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	тәжірибесіз.		
Формалды емес және информалды біліммен байланыс:	Сертификаттар және қыска мерзімді оқу курстары.		
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:	7131-1-001 - Ғимараттарды жөндеу және қызмет көрсету жөніндегі жұмысшы		
Қызметтің негізгі мақсаты:	Тұрғын және тұрғын емес ғимараттардың құрылымдық элементтерінің, инженерлі-техникалық жүйелерінің және тұрғын кешендердің іргелес аумақтарының сақталуын және қауіпсіздігін қамтамасыз ету.		
Еңбек функциялардың сипаттамасы			
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Көппәтерлі тұрғын үйдің қауіпсіздігіне ықпал ету.	
	Қосымша еңбек функциялары:		
		Машықтар: 1. Көппәтерлі тұрғын үйдің техникалық жағдайына жүйелі түрде тексеру жүргізу; 2. Ақау актісін жасақтау;	

	<p>3. Кондоминиум объектісінің инженерлік жүйелері мен құрылымдық элементтеріндегі жасырын ақауларды анықтау үшін заманауи диагностикалық жабдықты пайдалану;</p> <p>4. Құрылымдарда тесіктерді бұрғылау және тесу;</p> <p>5. Өлшеу, бұзып ашу, жөндеу жұмыстарын жүргізу және көлемдердің сипатын, жөндеу технологиясын, қажетті материалдар мен жабдықтарды анықтау кезінде қызмет көрсету субъектілерімен өзара әрекеттесу;</p> <p>6. Техникалық-инженерлік жүйелердегі қарапайым бұзыулар мен ақауларды анықтау және жою;</p> <p>7. Техникалық-инженерлік жүйелердегі қарапайым бөліктерді, тораптарды бөлшектеу, жөндеу және құрастыру;</p> <p>8. Көппәтерлі тұрғын үйде ұсақ жұмыстар мен қызметтерді орындау (шамдарды ауыстыру, жалпы үйдің есептегіш аспабының көрсеткіштерін алу (электр, су, газ), жасыл жөндеудерді күту);</p> <p>9. Көппәтерлі тұрғын үйдің аумағында орналасқан контейнерлерден коммуналдық қалдықтардың шығарылуын бақылау;</p> <p>10. Фимараттардың шатырлардың, күнқағарлардың, балкондардың және кіреберістердің үстіндегі мұзды және қар үйінділерін уақытылы жою бойынша шаралар колдану;</p> <p>11. Апат салдарын оқшаулау және таралуын болдырмау шенберінде көппәтерлі тұрғын үйдің инженерлік жүйелерін қажетті түрде өшіруін жүзеге асыру;</p> <p>12. Қауіпсіздік техниканы және еңбекті қорғау нормаларын сақтау.</p>
	<p>Білімдер:</p> <p>1. Тұрғын үй қорын техникалық пайдалану нормалары мен қағидаларын, кондоминиум объектісін күтіп-ұстау ережелерін білу;</p> <p>2. Фимараттарға, көппәтерлі үйге қойылатын құрылыш саласындағы, үй қатынастары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы басқа да нормативтік-техникалық құжаттарды білу;</p> <p>3. Жөндеу жұмыстарын жүргізу кезінде еңбекті қорғау талаптарын білу;</p> <p>4. Жөндеу жұмыстарын жүргізу кезінде өрт қауіпсіздігінің ережелері мен нормаларын білу;</p> <p>5. Жылумен, сумен, су бұрумен, газбен, электрмен жабдықтау жүйелерін пайдаланудың негізгі нормалары мен қағидаларын білу.</p>
Дағдыны тану мүмкіндігі :	Ұсынылды.
	<p>Машықтар:</p> <p>1. Пәтер мен тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелерінен бұзылған нәрселер, кондоминиум</p>

<p>1-енбек функциясы: Көппәтерлі тұрғын үйдің қауіпсіздігіне ықпал ету.</p>	<p>объектісінің ортақ мұлкінің ұсак-түйек жұмыстары жөнінде түскен арыздарын қабылдау;</p> <ol style="list-style-type: none"> 2. Жөндеу бригадасының немесе қызмет көрсетушілердің жұмысшыларының көппәтерлі тұрғын үйдің үй-жайларына кіруін ұйымдастыру; 3. Судың тоқтап қалу жөнінде, жылу беру маусымына дайындық туралы ақпараттарды көпшілікке жалпы қолжетімді орындарға орналастыру; 4. Қызмет көрсетушімен жасақталған шарт шенберінде кондоминиум объектісінің ортақ мұлкін күтіп-ұстаяу жұмыстарының кесте бойынша орындалуын бақылау; 5. Кондоминиум объектісінің ортақ мұлкін күтіп-ұстаяу, жөндеу және коммуналдық ресурстармен қамтамасыз ету бойынша жұмыстардың және көрсетілген қызметтердің сапасын бақылау; 6. Техникалық қауіпсіздік және еңбекті корғау нормаларын сақтау. <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Тұрғын үй қорын техникалық пайдалану нормалары мен қағидаларын, кондоминиум объектісін күтіп-ұстаяу қағидаларын білу. 2. Құрылыш, тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы ғимараттарға, көппәтерлі тұрғын үйлерге және баска да нормативтік-техникалық құжаттарға қойылатын техникалық талаптарды білу. 3. Жөндеу жұмыстарын жүргізу кезінде еңбекті корғау талаптарын білу. 4. Жөндеу жұмыстарын жүргізу кезінде орт қауіпсіздігі нормалары мен қағидаларын білу. 5. Жылумен жабдықтау, сумен жабдықтау, су бұру, газбен жабдықтау, электрмен жабдықтау жүйелерін пайдаланудың базалық нормалары мен қағидалары.
<p>2-дағды:</p> <p>Кондоминиум объектісінің ортақ мұлкін күтіп-ұстаяу бақылауын қамтамасыз ету.</p>	<p>Дағдыны тану мүмкіндігі :</p> <p>Ұсынылды.</p>
<p>3-дағды:</p>	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Көппәтерлі тұрғын үйдегі физикалық тозуды және жылу шығындарын бағалау; 2. Жөндеуде қолданылатын құрылыш материалдары мен технологияларын қадағалау және ойықтар, жарықтар мен закымдары барын тексеру; 3. Жөндеуде қолданылатын құрылыш материалдары мен технологиялардың құжаттарға сәйкестігін тексеру; 4. КЖЖ жөндеу жұмыстары, монтаждау және қызмет көрсету кезінде энергия тиімдісі бар материалдарды дұрыс пайдалануын бақылау. <p>Білімдер:</p>

Энергияны үнемдеу және энергия тиімдігі бар шараларды қолдану.	<ol style="list-style-type: none"> 1. Ғимараттарды энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру мәселелері бойынша нормативтік-құқықтық актілерін білу; 2. Ғимараттарға, көппәтерлі тұрғын үйге қойылатын құрылыс саласындағы, үй қатынастары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы басқа да нормативтік-техникалық құжаттарды білу; 3. Ғимараттардың, құрылыстардың және құрылымдардың энергия тиімділігі кластарын анықтау және кайта карау ережелерін білу; 4. Ақпараттандыру объектісін пайдалану бойынша КР нормативтік-техникалық құжаттарын білу;
Дағдыны тану мүмкіндігі :	Ұсынылды.
Машықтар:	<p>Машықтар:</p> <p>2-ші разряд</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Ғимараттар мен оған іргелес аумақтарды (аулаларды, тротуарларды, көріздерді, қоқыс жәшіктерді, қоқыс жинақтау және қоқысты өткізу тораптарды, баспалдақ аландары мен марштары, жалпы жайларды, лифт кабиналары, жертөлелерді, шатырларды және т.б.) тазалау және тиісті санитарлық жағдайда ұстau; 2. Күтілетін ғимараттарды, құрылыстарды, жабдықтар мен механизмдерді маусымдық дайындау; 3. Аула аумактарын, тротуарларды, шатырларды, суагарларды және т.б. қар мен мұздан тазалау; 4. Сұраныс бойынша бұзылулар мен ақауларды жою ; 5. Техникалық-қауіпсіздік және еңбекті қорғау нормаларын білу.
4-дағды: Тұрғын кешендерге кешенді күтіп-ұстau және жөндеу үйімдастыру.	<p>3-ші разряд</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Жөндеу-құрылыс жұмыстарының барлық түрін (сылау, сырлау, тұскағаз, бетон, ағаш ұсталардың жұмыстары және т.б.) орынданай отырып, күтіп-ұсталатын ғимараттардың, құрылыстардың, жабдықтар мен механизмдердің, тіреулерді, люлькаларды, ілулерді және басқа да сақтандыру және көтеру құрылғыларды пайдалана отырып техникалық жай-күйін мерзімді тексеру, оларға ағымдағы жөндеу және техникалық қызмет көрсету; 2. Орталық жылу жүйелеріне, сумен, су бүрумен, газбен, жылумен жабдықтауды, желдетуді, ауаны конденсациялауды, және басқа да жабдықтарды, механизмдер мен құрылыстарды сантехникалық, дәнекерлеу жұмыстарына ағымды жөндеу және техникалық қызмет көрсету; 3. Электр желілері мен электр жабдықтарын электротехникалық жұмыстарымен монтаждау, демонтаждау және ағымдағы жөндеу жүргізу;

	<p>4. Техникалық қауіпсіздігі мен еңбек қорғау нормаларын сақтау.</p> <p>Білімдер:</p> <p>2-ші разряд</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Фимараттарды санитарлық тазарту, көгалдандыру, сыртқы келбетін күтіп-ұстасу тәртібін білу; 2. Көшелерді, үй-жайларды, қоқыс өткізу тораптарды және басқаларды күтіп-ұстасудың санитарлық және гигиеналық тәртібін білу; 3. Күтіп-ұстайтын жабдықтардың құрылымы мен тәртібін білу; 4. Тазалау жұмыстарын орындау кезінде қауіпсіздік тәртібін білу. <p>3-ші разряд</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Жөндеу және құрылымы жұмыстары және олардың орындау әдісінің негіздерін білу; 2. Материалдардың түрін білу; 3. Жұмыс кезінде құрал-саймандардың, құрылғылардың, машиналардың, механизмдердің және жабдықтардың максаты мен құрылғысын білу; 4. Жөндеу және құрылымы жұмыстарын жүргізу кезінде қауіпсіздік пен еңбекті қорғаудың тәртібін білу. 				
	<p>Дағдыны тану мүмкіндігі :</p> <p>:</p> <p>Ұсынылды.</p>				
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	<p>Жауапкершілік</p> <p>Тәртіптілік</p> <p>Төзімділік пен еңбексүйгіштік</p> <p>Орындаушылық</p> <p>Ұжымда жұмыс істей білу</p> <p>Ұқыптылық</p>				
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:	"Фимараттар мен құрылыштардың, құрылымы материалдары мен бүйімдарының қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 2023 жылғы 9 маусымдағы № 435 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32783 болып тіркелген).				
СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	<table border="1"> <tr> <td>СБШ-нің деңгейі:</td><td>Кәсіптің атауы:</td></tr> <tr> <td>4</td><td>Көппәтерлі тұрғын үйді басқарушы</td></tr> </table>	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:	4	Көппәтерлі тұрғын үйді басқарушы
СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:				
4	Көппәтерлі тұрғын үйді басқарушы				
10. "Көппәтерлі тұрғын үйдің басқарушысы" кәсіп карточкасы:					
Топтың коды:	1439-9				
Қызмет атауының коды:	-				
Кәсіптің атауы:	Көппәтерлі тұрғын үйдің басқарушысы				
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	4				
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:					
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары	БА, КР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы №553 бұйрығымен бекітілген				

бойынша біліктілік деңгейі:	менеджер, шаруашылық менгерушісі (әкімшілік жұмыстары бойынша менеджер).		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: ТЖКБ (орта деңгейдегі маман)	Мамандық: Жылжымайтын мүлікті басқару	Біліктілік: -
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	Кондоминиум объектілерін күтіп-ұстаяу немесе тұрғын үй- коммуналдық саласында кеміндеге үш жыл жұмыс тәжірибесі.		
Формалды емес және информалы біліммен байланыс:	Сертификаттар және қыска мерзімді курстар.		
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:	3349-0-008 - Ғимарат әкімшісі		
Қызыметтің негізгі мақсаты:	Жеке және заңды тұлғалардың көппәтерлі тұрғын үйде қауіпсіз және жайлыштыру (булу) жағдайларын жасау. Бірыңғай жер участекінде орналасқан тұрғын үйлерді, тұрғын ғимараттардан, тұрғын және қосылған тұрғын емес үй-жайлардан, оның ішінде қоймалардан тұратын көппәтерлі тұрғын үйлердегі ортақ мүлкін дұрыс басқару, күтіп-ұстаяу және пайдалану.		

Еңбек функциялардың сипаттамасы

Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	<ol style="list-style-type: none"> Кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін басқару және күтіп-ұстаяу жұмыстары мен қызыметтерін жоспарлау және ұйымдастыру. Көппәтерлі тұрғын үйлерді басқару қызметіне басшылық ету. Көппәтерлі тұрғын үйдегі апарттық жағдайларын жоюын ұйымдастыру.
	Қосымша еңбек функциялары:	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> Кондоминиум объектісінің техникалық жағдайын көзben шолу жүргізу; Барлық элементтердің сапалық және сандық сипаттамаларын көрсете отырып, ортақ мүліктің түгендеу тізімін жасау; Тұрғын үйдің техникалық жағдайы туралы ашық деректерді енгізу және жаңарту; Көппәтерді тұрғын үйдің техникалық жағдайы туралы есептерді дайындау. <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> Тұрғын үй қатынастары, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелерін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді білу; Тұрғын үй корын техникалық пайдалану нормалары мен қағидаларын және кондоминиум объектісін күтіп-ұстаяу ережелерін білу; Құрылыш, тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы ғимараттарға, көппәтерлі тұрғын үйлерге және т.б. нормативтік-техникалық құжаттарға қойылатын талаптарды білу;

	<p>4. Ақпараттандыру және автоматтандыру негіздерін білу;</p> <p>5. Бухгалтерлік есептің негіздерін білу;</p> <p>6. Ақпараттандыру объектісін пайдалану бойынша КР нормативтік-техникалық құжаттарын білу.</p>
Дағдыны тану мүмкіндігі :	Ұсынылды.
2-дағды: Кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін басқару және күтіп-ұстаяу жұмыстары мен қызметтерін жылдық жоспарын дайындау.	<p>Машықтар:</p> <p>1. Күтіп-ұстаяу жұмыстары мен көрсетілетін қызметтерінің, соның ішінде олардың көлемі мен кезеңділігін қоса отырып тізімін жасактау;</p> <p>2. Кондоминиум объектісін маусымдық жұмыстарының кестесін және жоспарын дайындау;</p> <p>3. Кондоминиум объектісінің басқару және күтіп-ұстаяу кірістері мен шығыстары сметасын дайындау;</p> <p>4. Төлем шоттар және берешектер жөнінде хабарландыруларды дайындау және тарату;</p> <p>5. Қөппәтерлі тұрғын үйдің тіршілік әрекетіне энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру, тұтыну қабілеттерін жақсарту, қауіпсіздік пен сақтықтың жоспарларын бекіту;</p> <p>6. Бағдарламалық қамтамасыз ету және заманауи ақпараттандыру технологияларын пайдалану.</p> <p>Білімдер:</p> <p>1. Тұрғын үй қатынастары, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелерін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді білу;</p> <p>2. Кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін басқару және күтіп-ұстаяу шығыстарын есептеу сметасының әдістемесін білу;</p> <p>3. Құрылыш, тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы ғимараттарға, қөппәтерлі тұрғын үйлерге және т.б. нормативтік-техникалық құжаттарға қойылатын талаптарды білу;</p> <p>4. Техника-экономикалық және оперативті-өндірістік жоспарлау негіздерін білу;</p> <p>5. Бухгалтерлік есептің негіздерін білу;</p> <p>6. Ақпараттандыру объектісін пайдалану бойынша КР нормативтік-техникалық құжаттарын білу.</p>
Дағдыны тану мүмкіндігі :	Ұсынылды.
	<p>Машықтар:</p> <p>1. Кондоминиум объектісінің ортақ мүлкінің көзбен шолу актілерін жасап оларды жалпы деректер Ортасына енгізу (акпараттандыру объектісін қолданғанда);</p> <p>2. Ақаулар актісін жасау;</p> <p>3. Мамандырылған ұйымдардың кондоминиум объектісінің ортақ мүлкіне техникалық тексеру</p>

<p>1-еңбек функциясы: Кондоминиум объектісінің ортақ мұлкін басқару және күтіп-ұстаяу жұмыстары мен қызметтерін жоспарлау және ұйымдастыру.</p>	<p>жүргізу жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру үшін құжаттаманы дайындау;</p> <ol style="list-style-type: none"> 4. Көппәтерлі тұрғын үйге күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстарын ұйымдастыру кезінде энергия үнемдеу мәселелер бойынша, жаңа материалдар және заманауи жабдықтарды пайдалану жөнінде тұрғындарға ұсыныстар дайындау; 5. Көппәтерлі тұрғын үйге ағымдағы және күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізетін мердігерлерді, жобалық-сметалық құжаттаманы өзірлейтін ұйымдарды таңдауды қамтамасыз ету және олармен келісімдер жасасу; 6. Жобалық-сметалық құжаттаманы окуын білу; 7. Мердігерлердің жұмысын бақылау; 8. Ағымдағы және күрделі жөндеу жұмыстарының нәтижелерін құжаттау; 9. Орындалған жұмыстарды қабылдау; 10. Техникалық қауіпсіздігінің және еңбекті қорғау нормаларын сактау.
	<p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Күрделі жөндеу жұмыстарды жасайтын ұйымдардың іс-әрекеттерін реттейтін нормалық құқықтық актілерін білу; 2. Ғимараттардың сенімділігі мен тұрақтылығын техникалық тексеру ережелерін білу; 3. Техникалық күрделі жүйелері мен механизмдері бар ғимараттар мен құрылыштарды пайдалану қағидаларын білу; 4. Күрделі жөндеу аяқталған тұрғын, қогамдық ғимараттарды және коммуналдық объектілерді пайдалануға қабылдау ережелерін білу; 5. Құрылым, тұғын үй қатынастары және тұғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы ғимараттарға, көппәтерлі тұрғын үйлерге қойылатын техникалық талаптарды және басқа да нормативтік техникалық құжаттарды білу; 6. Ғимараттардағы энергия үнемдеу және энерготиімділігін арттыру қойылатын талаптарын білу; 7. Қолданатын материалдардың мемлекеттік стандарттары мен техникалық шарттарын білу; 8. Заманауи энергия үнемдеу технологияларын білу; 9. Өрт қауіпсіздігінің жалпы талаптарын білу; 10. Еңбекті қорғау мен техникалық қауіпсіздігін білу; 11. Тұрғын және тұрғын емес ғимараттарды жобалау, пайдалану, реставрациялау және қалпына келтіру саласындағы негіздерін білу; 12. Ақпараттандыру объектісін пайдалану бойынша КР нормативтік-техникалық құжаттарын білу.
	<p>Дағдыны тану мүмкіндігі :</p> <p>Дағдыны тану мүмкіндігі :</p> <p>Машыктар:</p>

1. Көппәтерлі тұрғын үйдегі инженерлік техникалық жүйелері мен құрылымдық элементтеріне тұрақты тексеру үйимдастыру және жүргізу;
2. Көппәтерлі тұрғын үйдің ақаулары мен бұзушылықтардың сипаты мен көлемін анықтау;
3. Көппәтерлі тұрғын үйді маусымдық дайындыққа кестелер мен жоспарларды жасау;
4. Пәтер, тұрғын емес үй-жайлары иелерінің инженерлік желілері мен жабдықтарын кондоминиум объектісінің ортақ мұлкіне қосқаны тұрғын үй пайдалану қағидаларын бұзыын анықтау;
5. Көппәтерлі тұрғын үйдің инженерлік жүйелері мен құрылымдық элементтеріне күтіп-ұстау және техникалық қызмет көрсету бойынша сервистік қызмет көрсетушілерді таңдау және келісім жасау;
6. Көппәтерлі тұрғын үйдің инженерлік жүйелері мен құрылымдық элементтеріне қызмет көрсету және КЖЖ-ны жөндеу, монтаждау және күтіп-ұстау қызмет көрсетушілерінің жұмыстарын бақылау;
7. Көппәтерлі тұрғын үйдің инженерлік жүйелерін және құрылымдық элементтерінің жай-күйін көзben шолу және тексерулердің нәтижелерін құжаттау;
8. Көппәтерлі тұрғын үйдің инженерлік жүйелерін және құрылымдық элементтерді күтіп-ұстау, пайдалану жөніндегі мәселерді және және басқа да құжаттамаларды енгізу, жаңарту және сактау;
9. Орындалған жұмыстарды қабылдаудың жасау;
10. Техникалық қауіпсіздік және еңбекті корғау нормаларын сактау.

4-дағды:

Кондоминиум объектісінің инженерлік жүйелері мен құрылымдық элементтерді күтіп-ұстау жұмыстарын үйимдастыру және бақылау.

Білімдер:

1. Тұрғын үй корын техникалық пайдалану нормалары мен қағидаларын білу, кондоминиум объектісінің күтіп-ұстау, оның бөлігінде тұрғын және тұрғын емес ғимараттардың инженерлік жүйелері мен құрылымдық элементтерін күтіп-ұстауга және пайдалануға қойылатын талаптар ережелерін білу;
2. Техникалық курделі жүйелері мен механизмдері бар ғимараттар мен құрылыштарды пайдалану қағидаларын білу;
3. Құрылых, тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы ғимараттарға, көппәтерлі тұрғын үйлерге қойылатын техникалық талаптарды және басқа да нормативтік техникалық құжаттарды білу;
4. Жылумен, сумен, су бұрумен, газбен, электрмен жабдықтау жүйелерін күтіп-ұстауга және пайдалануға қойылатын жалпы талаптарды білу;
5. Электр қондырыларын пайдалану кезіндегі техникалық қауіпсіздік қағидаларын білу;
6. Газбен жабдықтау жүйелерін пайдалану кезіндегі қауіпсіздік қағидаларын білу;

	<p>7. Жылдыту желілерін пайдалану кезіндегі техникалық қауіпсіздік қағидаларын білу;</p> <p>8. Лифт қондырғыларын пайдалану және жөндеу ережелерін білу;</p> <p>9. Кеден одағының "Лифттердің қауіпсіздігі" техникалық регламентін білу;</p> <p>10. Өрт қауіпсіздігінің жалпы талаптарын білу;</p> <p>11. Өрт қауіпсіздігінің ережелерін білу;</p> <p>12. Еңбекті қорғау және техникалық қауіпсіздік қағидаларын білу;</p> <p>13. Тұрғын және тұрғын емес ғимараттарды жобалау, пайдалану, реконструкциялау және қалпына келтіру саласындағы негіздерін білу;</p> <p>14. Ақпараттандыру обьектісін пайдалану бойынша КР нормативтік-техникалық құжаттарын білу.</p>
Дағдыны тану мүмкіндігі :	Ұсынылды.
5-дағды:	<p>Машықтар:</p> <p>1. Кондоминиум обьектісінің ортақ мүлкінің санитарлық жағдайына жүйелі түрде тексеру жүргізу;</p> <p>2. Кондоминиум обьектісінің ортақ мүлкінің жайларының және уй алды аумағының тазалау жұмыстарының кестесі мен жоспарларын жасау;</p> <p>3. Санитарлық күтіп-ұстау және тазалау жұмыстары мен қызмет көрсететін субъектілерін таңдау және келісім шарт жасау;</p> <p>4. Санитарлық күтіп-ұстау және тазалық жұмыстарын жүргізетін сервистік қызмет көрсетушілердің жұмысын бақылау;</p> <p>5. Кондоминиум обьектісінің ортақ мүліктің үй-жайларын және үйалды аумағын жай-куйін шолу және тексеру нәтижелерін құжаттау;</p> <p>6. Кондоминиум обьектісінің ортақ мүліктің санитарлық жай-куйін қамтамасыз ету үшін нақтыланған ұсыныстарды дайындау;</p> <p>7. Кондоминиум обьектісінің ортақ мүліктің санитарлық күтіп-ұстау және тазалықты сақтау мәселелері бойынша техникалық және басқа да құжаттарды енгізу, жаңарту және сақтауын жасау;</p> <p>8. Орындалған жұмыстарды қабылдаудын жасау;</p> <p>9. Техникалық қауіпсіздік пен еңбекті қорғау нормаларын сақтау.</p>
Кондоминиум обьектісінің ортақ мүлкін және үй алды аумағын санитарлық күтіп-ұстауды қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстарды үйымдастыру және бақылау.	<p>Білімдер:</p> <p>1. Кондоминиум обьектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстау, оның бөлігінде санитарлық күтіп-ұстау және үй-жайларды және үй алды аумағын тазалаудың үйымдастыруының талаптары мен тұрғын үй қорын техникалық қызмет көрсетуіне қойылатын нормалары мен қағидаларын білу;</p>

	<p>2. "Әкімшілік және тұрғын ғимараттардың санитарлық-эпидемиялық талаптар" санитарлық ережелерін білу;</p> <p>3. Құрылым, тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы ғимараттарға, көппәтерлі тұрғын үйлерге қойылатын техникалық талаптарды және басқа да нормативтік техникалық құжаттарды білу;</p> <p>4. Өрт қауіпсіздігінің жалпы талаптарын білу;</p> <p>5. Енбекті қорғау және техникалық қауіпсіздікті білу;</p> <p>6. Ақпараттандыру объектісін пайдалану бойынша КР нормативтік-техникалық құжаттарын білу.</p>
Дағдыны тану мүмкіндігі :	Ұсынылды.
	<p>Машықтар:</p> <p>1. Пәтерлер, тұрғын емес үй-жайлардың, қоймалардың иелерінің тізімін жасау;</p> <p>2. Пәтердің, тұрғын емес үй-жайлардың, қоймалардың меншік иелерінен, жалға алушылардан жарналардың, төлемдердің алныуын және сметада жоспарланған басқа да кірістердің түсін және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстау жөніндегі қызметтер мен жұмыстарды төлеуді қамтамасыз ету;</p> <p>3. Көппәтерлі тұрғын үйге қажетті ресурстарды жеткізу үшін коммуналдық мекемелермен бірлесіп жұмыс жасау. Пәтер және тұрғын емес үй-жайлар иелеріне коммуналдық қызметтерінің сапалы және оларды үздіксіз жеткізілуіне мониторинг жасау;</p> <p>4. Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдардың меншік иелері мен ұйымдардың мұдделерін өкілдік ету;</p> <p>5. Жасалған қызметтер бойынша берешекті, сондай-ақ жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) орындаушының міндеттемелерін бұзуды анықтау кезінде талап қою жұмысы мен сотқа талап қоюды жасау;</p> <p>6. Тұрғын үй-коммуналдық қызмет көрсету мәселелері бойынша көппәтерлі тұрғын үйдің иелерінің шағымдары мен ұсыныстарын карау бойынша қажетті шараларды белгілеу;</p> <p>7. Кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін басқару және күтіп-ұстау бойынша есебін жасақтау, оның ішінде ақпараттандыру объектісін қолданғанда;</p> <p>8. Қызмет көрсетушілердің, мердігердің және коммуналдық кәсіпорындардың шарттарды орындау нәтижелерін бағалау, оның ішінде ақпараттандыру объектісін қолданғанда;</p> <p>9. Ортақ мүлкіті басқару және күтіп-ұстау жұмыстары мен қызметтері бойынша жылдық жоспарының орындалуын талдау;</p>
1-дағды: Кондоминиум объектісін басқару.	

	<p>10. Санитарлық нормалары мен көппәтерлі тұрғын үйде тұру (булу) ережелерінің сақталуын қамтамасыз ету;</p> <p>11. Ерекше жағдайларда шешім қабылдау, соның ішінде ақпараттандыру объектісін қолданғанда;</p> <p>12. Келіссөздер мен консультацияларды жүргізу;</p> <p>13. Кондоминиум мүшелерімен тиімді байланыс орнату және жанжалдарды шешу;</p> <p>14. Бағдарламалық қамтамасыз етуді және заманауи ақпараттық технологияларды қолдану.</p>
	<p>Білімдер:</p> <p>1. Тұрғын үй қатынастары, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелерін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді білу;</p> <p>2. Тұрғын үй қорын техникалық пайдалану нормалары мен қағидаларын және кондоминиум объектісін күтіп-ұстау ережелерін білу;</p> <p>3. Құрылым, тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы ғимараттарға, көппәтерлі тұрғын үйлерге және т.б. нормативтік-техникалық құжаттарға қойылатын талаптарды білу;</p> <p>4. Коммуналдық қызметтерін қамтамасыз ету ережелерін білу;</p> <p>5. Сот істерінің негіздерін білу;</p> <p>6. Психология және жанжалдың негіздерін білу;</p> <p>7. Іскерлік қарым-қатнас этикасы және іскерлік келіссөздер жүргізу ережелерін білу;</p> <p>8. Ақпараттандыру объектісін пайдалану бойынша ҚР нормативтік-техникалық құжаттарын білу.</p>
Дағдыны тану мүмкіндігі :	Ұсынылды.
2-еңбек функциясы: Көппәтерлі тұрғын үйлерді басқару қызметіне басшылық ету.	<p>Машықтар:</p> <p>1. Пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың, қоймалардың меншік иелерінің жиналыстарын, сондай-ак басқа да іс-шаралардың күнтізбелік жоспарын жасау;</p> <p>2. Жиналыс туралы хабарландыруды дайындау және тарату;</p> <p>3. Жиналыстың күн тәртібін және ақпараттық материалдарды жасақтау;</p> <p>4. Жиналыстардың хаттамаларын және жиналыста қабылданған шешімдерді құжаттау;</p> <p>5. Жиналыстарды және жазбаша түрдегі саяулнаманы ұйымдастыру және откізу;</p> <p>6. Пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың, қоймалардың меншік иелерімен өзара әрекеттесу;</p> <p>7. Жиналыстың және үй кеңесінің шешімдерінің орындалуын ұйымдастыру;</p> <p>8. Кондоминиум мүшелерімен тиімді байланыс орнату және жанжалдарды шешу;</p>

<p>ұйымдастыру және өткізу</p> <p>.</p>	<p>9. Пәтер, тұрғын емес үй-жайлар, қоймалар меншік иелерінің сұраныстарына (арыздарына) жауап беру;</p> <p>10. Бағдарламалық қамтамасыз етуді және заманауи ақпараттық технологияларды қолдану.</p>
	<p>Білімдер:</p> <p>1. Тұрғын үй қатынастары, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелерін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді білу;</p> <p>2. Тұрғын үй қорын техникалық пайдалану нормалары мен қағидаларын және кондоминиум объектісін күтіп-ұстау ережелерін білу;</p> <p>3. Келіссөздердің жүргізу ерекшелігі мен принциптерін білу;</p> <p>4. Ақпараттандыру және автоматтандыру негіздерін білу;</p> <p>5. Психология және жанжалдардың негіздерін білу.</p>
<p>Дағдыны тану мүмкіндігі</p> <p>:</p>	<p>Ұсынылды.</p>
<p>3-дагды:</p> <p>Көппәтерлі тұрғын үйді басқаруна байланысты техникалық және басқа да құжаттарды жүргізуін және сақтауын қамтамасыз ету.</p>	<p>Машықтар:</p> <p>1. Көппәтерлі тұрғын үйді басқаруга қатысты техникалық және басқа құжаттамаларды тіркеу және есепке алу;</p> <p>2. Көппәтерлі тұрғын үйлерді басқару жөніндегі құжаттарын дайындау және тіркеу;</p> <p>3. Ұйымның кеңсе жұмысында жедел сақтау үшін тұрғын үйлерді басқару жөніндегі құжаттарды дайындау және тіркеу;</p> <p>4. Көппәтерлі тұрғын үйлерді басқару жөніндегі құжаттарды қалпына келтіру;</p> <p>5. Көппәтерлі тұрғын үйлерді басқаруға арналған құжаттаманың жоғалуы (болмауы) фактілерін құжаттау;</p> <p>6. Барлық қаржылық ағындар мен келісімдерді құжаттау;</p> <p>7. Сыртқы ұйымдардан (сыртқы ұйымдардарға) көппәтерлі тұрғын үйлерді басқаруга байланысты техникалық және басқа құжаттамаларды алу (беру) рәсімдерін жүзеге асыру;</p> <p>8. Ұйымда қолданатын құжаттарды тіркеу, есепке алу, жүргізу және сақтау үшін бағдарламалық қамтамасыз етуді және заманауи ақпараттық технологияларды қолдану.</p>
	<p>Білімдер:</p> <p>1. Тұрғын үй қатынастары, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелерін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді білу;</p> <p>2. Үкіметтік емес ұйымдарда құжаттамалық қамтамасыз ету, құжаттаманы басқару және электрондық құжат айналымы жүйелерін пайдалану мәселелерін реттейтін нормативтік құқықтық актілерін білу;</p>

	<p>3. Компьютерлік технологияны, заманауи байланыс және коммуникация құралдарын пайдалана отырып, ақпаратты өңдеу технологиясын білу;</p> <p>4. Көппәтерлі түргын үйлерді басқару бойынша құжаттаманы дайындауға қойылатын талаптарды реттейтін нормативтік құқықтық актілерді білу;</p> <p>5. Ұйымда құжаттарды сактаудың ұйымдастыру үшін қойылайын талаптар.</p>
Дағдыны тану мүмкіндігі :	Ұсынылды.
	<p>Машықтар:</p> <p>1. Коммуналдық ұйымдардың диспетчерлік және апattyқ жағдайлар қызметтерімен өзара әрекеттесу;</p> <p>2. Апattyқ салдарын оқшаулау және таралуын болдырмау үшін көппәтерлі түргын үйдің инженерлік жүйелерін қажетті өшіруін жүзеге асыру;</p> <p>3. Бастанқы өрт сөндіру құралдарын қолдану;</p> <p>4. Апattyқ жұмыстарын орындалуын ұйымдастыру;</p> <p>5. Орындалған жұмыстарды қабылдауын жасау;</p> <p>6. Техникалық-қауіпсіздік және еңбекті қорғау нормаларын сактау.</p>
1-дағды:	<p>Жеке және заңды тұлғалардың ортақ мүлкіне зиян келтірмеу мақсатында апattyқ жағдайда қолданатын тәртіптерді анықтау.</p> <p>Білімдер:</p> <p>1. Түргын үй қатынастары және түргын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелерін реттейтін нормативтік-құқықтық актілерін білу;</p> <p>2. Түргын үй корын және кондоминиум объектісінің күтіп-ұстасу техникалық қызметінің нормалары мен қағидаларының білу;</p> <p>3. Кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін басқару және күтіп-ұстасу шығындарының сметасын есептеу әдіstemесін білу;</p> <p>4. Құрылys, түргын үй қатынастары және түргын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы ғимараттарға, көппәтерлі түргын үйлерге қойылатын техникалық талаптарды және басқа да нормативтік техникалық құжаттарды білу;</p> <p>5. Техникалық-экономикалық және жедел-өндірістік жоспарлау негіздерін білу;</p> <p>6. Бухгалтерлік есептің негіздерін білу;</p> <p>7. Ақпараттандыру объектісін пайдалану бойынша КР нормативтік-техникалық құжаттарын білу.</p>
Дағдыны тану мүмкіндігі :	Ұсынылды.
3-енбек функциясы:	<p>Көппәтерлі түргын үйдегі апattyқ жағдайларын жоюын ұйымдастыру.</p> <p>Машықтар:</p> <p>1. Азаматтық қорғау және төтенші жағдайларды жою іс-шараларының құжаттамаларын жасақтау;</p> <p>2. Жарықтандыру параметрлерін, инсоляцияны, микроклиматты, ауа алмасуын, шу мен дірілдің деңгейін, иондаушы және иондамайтын сәулелерді өлшеуін ұйымдастыру;</p>

	<p>3. Өртке қарсы жүйелерін тексеру жұмыстарының кестелерін жасау;</p> <p>4. Қесіби қызметте әртүрлі түрдегі қауіптілік деңгейін және олардың салдарын төмендету бойынша алдын алу шараларын қабылдау;</p> <p>5. Нормативті мерзімі өткен лифтерді тексеру шараларын қабылдау;</p> <p>1.6. Техникалық қауіпсіздік және еңбекті корғау нормаларын сақтау.</p>				
